



## **БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА «ДОСБОЛІКЕ» БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ АСЫРЫЛУДА**

2025–2026 оқу жылында Қазақстанның білім беру ұйымдарында қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған «ДосболІКЕ» буллингтің (қорлаудың) алдын алу бағдарламасын енгізу жалғасуда.

Педагогтер мен мектеп әкімшілігі үшін арнайы оқыту шаралары - семинарлар, конференциялар мен шеберлік сыныптары ұйымдастырылды. Оған 19 мыңнан астам маман, соның ішінде мектеп директорлары, сынып жетекшілері, кураторлар, психологтар мен әлеуметтік педагогтер қатысты.

Бағдарламаны іске асыру кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Буллингтің таралу деңгейі мен психологиялық қауіпсіздікке диагностика жүргізілді, педагогтерді, қызметкерлер мен ата-аналарды оқыту ұйымдастырылды.

Төртінші тоқсанда жобалық іс-әрекетке ерекше көңіл бөлінеді. 1-11 сынып оқушылары мен колледждердің 1-2 курс студенттері әлеуметтік жобаларды іске асыруға белсенді түрде тартылған.

«ДосболІКЕ» бағдарламасы өзара сыйластық мәдениетін қалыптастыруға, жанжалдардың алдын алуға және білім алушылардың психологиялық саулығын қамтамасыз етуге бағытталған.



## **В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ ОСУЩЕСТВЛЯЕТСЯ РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОГРАММЫ ПРОФИЛАКТИКИ ТРАВЛИ «ДОСБОЛІКЕ»**

В 2025–2026 учебном году в организациях образования Казахстана продолжается внедрение программы профилактики травли «ДосболІКЕ», направленной на создание безопасной и благоприятной образовательной среды.

Для педагогов и администрации школ организованы обучающие мероприятия – семинары, конференции и мастер-классы. В них приняли участие более 19 тысяч специалистов, включая руководителей, классных руководителей, кураторов, психологов и социальных педагогов.

Реализация программы осуществляется поэтапно. Проведена диагностика уровня распространенности буллинга и психологической безопасности, организовано обучение педагогов, сотрудников и родителей.

В четвертой четверти особое внимание уделяется проектной деятельности. Обучающиеся 1-11 классов и студенты 1-2 курсов колледжей активно вовлечены в реализацию социальных проектов.

Стоит отметить, программа «ДосболІКЕ» направлена на формирование культуры уважительного общения, профилактику конфликтов и обеспечение психологического благополучия обучающихся.